

## **Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі Ш.Е.Есеновты мәңгі есте қалдыру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1995 жылғы 1 маусым N 767

Көрнекті геолог ғалым, Лениндік сыйлықтың және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі Шахмардан Есенұлы Есеновты мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Ақтау политехникалық институтына Ш.Е.Есеновтың есімі беріліп, бұдан былай ол Ш.Е.Есенов атындағы Ақтау политехникалық институты деп аталсын.
2. Алматы қаласының әкіміне заңда белгіленген тәртіппен Алматы қаласының бір көшесіне Ш.Е.Есеновтың есімін беру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының қаржысы есебінен Қ.И.Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институтының үйіне мемориалдық тақта орнату мәселелерін қарау ұсынылсын.
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының жас ғалымдары үшін Жер туралы ғылымдар саласында жыл сайын беріліп тұратын Ш.Е.Есенов атындағы бір сыйлық тағайындау туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының ұсынысы мақұлдансын.
4. Жезқазған таукен-технологиялық институтының студенттеріне Ш.Е.Есенов атындағы стипендия тағайындау, сондай-ақ Ш.Е.Есенов тұрған және жұмыс істеген үйлерге мемориалдық тақталар орнату туралы Жезқазған облысы әкімінің ұсынысы мақұлдансын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрі